

БАЛАЛАРЫ ТҰТЫҒАТЫН АТА-АНАЛАР КЕҢЕС

Траисова М.А., мұғалім – логопед, магистр, педагог сарапшы.

Елеуова С.С., мұғалім – логопед, педагог сарапшы.

«№1 Психологиялық педагогикалық түзеу кабинеті» КММ, Талдықорған қаласы

E-mail: traisova@bk.ru, samalja82@gmail.com

Мақалада кекештенудің сбентері мен түрлері қарастырылған. Сонымен қатар, кекештенудің алдын-алуға арналған комплексті шаралар ұсынылған. Логопед маманының жұмыс бағыты көрсетілген.

Бұл мақалада қазіргі заманғы өзекті сөйлеу тілі бұзылыстарының бірі – кекештену туралы мәліметтер берілген. Әрбір ата-ана осындай мәселеге байланысты нақты мәліметтерді біліп, емдеу, түзету шараларымен таныс болуы үшін өте қажет деп ойлаймын. Тек қана ата-аналар ғана емес, жас логопед мамандары үшін де қажетті тәжірибе болып табылады. Мақалада кекештенудің белгілері, білінуі мен логопед маманының жүргізетін түзету жұмысының бағыты да ретімен жазылған. Сонымен қатар, кекештену кезінде жүргізілетін комплексті жұмыстар бағыты толық қарастырылған.

Тірек сөздер: кекештену, логопед, комплексті жұмыс, комплексті жұмыстар, ана-анаға кеңес.

В этой статье содержится информация о заикании, одном из самых распространенных нарушений речи в наше время. Я считаю, что каждому родителю очень важно знать подробности такой проблемы и знакомиться с методами лечения и корректирующими мерами. Это необходимый опыт не только для родителей, но и для юных логопедов. Также в статье описаны симптомы заикания, его проявления и направления коррекционной работы, проводимой логопедом. Кроме того, подробно рассматривается направление сложных работ, проводимых при заикании.

Ключевые слова: заикание, логопед, комплексная работа, сложная работа, консультирование родителей.

His article provides information on stuttering, one of the most common speech disorders in modern times. I think it is very important for every parent to know the details of such a problem and get acquainted with the treatment and corrective measures. It is a necessary experience not only for parents, but also for young speech therapists. The article also describes the symptoms of stuttering, its manifestations and the direction of corrective work carried out by a speech therapist. In addition, the direction of the complex work carried out during stuttering is considered in detail.

Keywords: stuttering, speech therapist, complex work, difficult work, parental counseling.

Тұтығумен күресте комплексті әдістерді қолдану жағдайында ғана үлкен жетістіктерге жетуге болатындығын теория мен практикада (іс жүзінде) дәлелдеп отыр. Бұл жағдайға өзекті мәселе тұтығатын тұлға мен оның ата-анасының жауапкершілікпен қарауы. Ата-аналардың бұл кемістіктің себептерін, оның табиғатын дұрыс түсінбеудің салдарынан тұтығудың асқынып, кемістіктің қалыптасуына әкеп соғады.

Балада тұтығу 3-4 жас аралығында пайда болу қауіпі бар, себебі бұл жас кезеңінде белсенді сөйлеу тілі қалыптасады. Кей жағдайларда ата-ана баласының кемістігін әсірелеп жіберуінің салдарынан, бала өзін сырқат сияқты сезінуі пайда болады. Екінші жағдайда ата – ана баласын қатал нұсқаулармен, қатты айқайлармен және кемістігін айта беруі арқылы баланың жағдайын ушықтырып алады. Тұтығу кейде аяқ астынан пайда болады, кейде білінбей жүріп бірте-бірте күшейе береді. Ол ішкі және сыртқы тітіркену мен жүйке ауруларының сипатына байланысты кезекпен бірде бәсеңдеп, бірде күшейеді. Сөйлеу жағдайы жалпы физикалық және эмоционалдық ортасымен тығыз байланысты. Мысалы: тұтығу ауырған кезде,

шаршағанда, баланы жазалаған соң күшейеді. Сол сияқты ауа райына, мезгілдеріне, өмір талабына, тамақтануға да байланысты байқалады. Сөйлеу кезінде тыныс алу, дыбыстың немесе артикуляциялық аппаратында пайда болған тырысу - тұтығудың негізгі сыртқы белгісі болып табылады.

Тұтығудың түрлерін және себептерін анықтау, оны түзету жолдарын іздестіру, логопедиялық жаттығуларды орындату тек педагогтың ғана емес, ата-ананың да міндеті.

Мына жеңіл ережелерді орындап, логопед маманының түзету жұмыстары арқылы балаңыздың тұтығуының алдын алуға болады.

1. Тұтығатын бала үнемі логопед пен психоневролог мамандарының бақылауында болуы тиіс. Тұтығатын балалардың жүйке жүйесі әлсіз, сол себепті бұл балаларға отбасында тыныштық, оның эмоционалды жағдайына жеке көңіл бөлу керек.

2. Тұтығатын балаға теледидардан берілетін бағдарламалар санын шектеу қажет. Ұйықтар алдында баланың жас ерекшелігіне сай келмейтін бағдарламалар көруі, оның жүйке жүйесіне кері әсерін тигізеді. Балаға жасына сай емес, аса қорқынышты ертегілер оқымаңыз.

3. Балаға мектепте, бала-бақшада, отбасында берілген нұсқаулар мен талаптар бірдей және оның жасына сай болуы тиіс. Тұтығатын балаға шамадан кең көлемді ақпараттар немесе жаңа әсерлермен жүктемеңіз.

4. Баланы жазалағанда қорқытпаңыз. Баланың қараңғы бөлмеде жалғыз қалдырмаңыз. Балаңызды жазалау үшін ойынға қатыстырмай, тыныш орындықта отырғызып қоюда жеткілікті.

5. Тұтығатын баламен анық, баяу бірақ буынға бөлмей сөйлесу қажет.

6. Тұтығатын баланың ойынға белсенді қатысқанын, оның қатысушылар алдында жеке сөйлегенін күтпеңіз. Оны қорқытып, күш көрсетпеңіз.

7. Тұтығатын балалардың дұрыс тыныс алуын және ритмді сезінуін дамыту үшін бимен, музыкамен айналысқан тиімді. Тұтығатын бала үшін ән айтуда маңызды орын алады.

Кекештік – сөйлеу кемістігінің ішіндегі ауыр түрі. Ол баланың психологиясын жарақаттайды, дұрыс келе жатқан үрдісін тоқтатады, сөйлеу қатынасына кедергі жасайды, айналасымен, әсіресе балалар арасындағы қарым-қатынасты қиындатады. Қазіргі уақытта кекештенетін балалардың ата – аналары медициналық, логопедиялық және психологиялық көмектен бас тартып, халық емшілерінің көмегіне жүгініп жатады. Бұл емнің балаға оң әсер беруі екі талай. Кекештіктің негізі орталық жүйке жүйесінің органикалық зақымдануы болғандықтан, бір ғана емшілікпен бар мәселені шешу мүмкін емес.

Кекештенудің пайда болу себептері:

I. Функционалды кекештік жиі кездеседі. Ол 2 жастан 5 жасқа дейін балаларда сөз тіркесінің байланыстырып сөйлеуі қалыптасуы кезінде пайда болады. Көбінесе ашуланшақ, күйгелек балаларда кездеседі. Кекештенудің бұл түрі орталық және перифериялық (шеткі) жүйке жүйесіндегі сөйлеу механизмінің органикалық зақымдануы болмаса да пайда болады.

II. Органикалық кекештік орталық жүйке жүйесінің органикалық зақымдануынан (жарақаттану, нейроинфекция т.б.) болады. Бұл барлық жастағы адамдарда кездесуі мүмкін.

Кекештенудің білінуі - кекештену кейде аяқ-астынан пайда болады, кейде білінбей жүріп бірте-бірте күшейе береді. Ол ішкі және сыртқы тітіркену мен жүйке ауруларының сипатына байланысты кезекпен бірде бәсеңдеп, бірде күшейеді. Сөйлеу жағдайы жалпы физикалық және эмоционалдық ортасымен тығыз байланысты. Мысалы: кекештік ауырған кезде, шаршағанда, баланы жазалаған соң күшейеді.

Кекештенудің белгілері - кекештенудің негізгі белгісі сөйлеу үрдісі кезінде тырысу б.т. Тырысу формасы бойынша – клоникалық, тоникалық, аралас, таралуы бойынша – дем алу, дыбыс шығару, артикуляциялық, аралас және жиілігіне қарай сипатталады. Кекештік күшейіп ауыр түріне айнала бастаған кезде ілеспелі жалғас қимылдар байқалады. Ілеспелі жалғас қимылдар (синкенезия)– сөйлеу кезінде бетте, мойында, денеде, аяқ-қолда пайда болатын дірілдеп тырысу құбылыстары. Кекештікке тән белгілердің бірі – сөйлеу алдындағы қорқыныш, үрейлену. Кекештенетін адам ойын жеткізу үшін қиын сөздерді немесе дыбыстарды айтар кезде *үрей* пайда болады. Бұл құбылысты *логофобия* деп атайды.

Логопедиялық тексеру мынандай бағыттары:

1. Кекештіктің себептері мен түрін анықтау, дәрежесі, ілеспелі қимыл-қозғалыстың болу-болмауы, логофобия, кекештенудің барысы.

2. Баланың сөйлеу жылдамдығын анықтау – баяулығын, шапшаңдығы. Логопед сөйлеу жылдамдығының шапшаңдығына баса көңіл бөледі, өйткені оны түзету кейін қиынға түседі. Мұндай жағдайда баланың отбасында үлкен адамдардың өте тез сөйлейтіндігі жиі байқалады.

3. Баланың айналасындағы сөйлеу ортасын білу: жақындарының ішінде сөйлеу кемістігі бар адамдар бар ма, отбасында екі тілде сөйлейтіндер бар ма, айналасындағылардың сөйлеу жылдамдығы қандай, тұтығатын үлкендер немесе балалармен (байланыс) қарым-қатынаста болды ма т.б. анықтау қажет.

4. Жанұядағы қарым-қатынас сипаты – баланы шектен тыс ерекелету немесе керісінше катал ұстау, бірде аймалап, бірде жазалап, бірде рұқсат етпей, бірде еркінді беру, бірде ұрыс сияқты жағдайларға көңіл аудару. Егер логопед бала тәрбиесіндегі жетіспеушілікті анықтайтын болса, онда әрі қарай үлкендердің баламен қарым-қатынас дұрыстауға ықпал етуіне тура келеді.

5. Жанұя жағдайымен танысу: ұрыс-керіс, келіспеушілік жоқ па. Бала оған қарай қарайды.

6. Кекештенудің басталған мерзімін, дамуын, барысын анықтау. Ата-анасының пайда болуы мен күшеюі қандай жағдаймен байланыстыратынын білу.

7. Баланың өз кемістігіне реакциясы қалай екендігін білу тұтығу кедергі жасай ма, қинай ма немесе оны өзі аңғармай ма, сөйлеудің тоқталуынан қорқа ма, әлде көңіл аудармай ма.

8. Дыбыс шығарудағы кемшіліктердің пайда болуы. Егер осы кемшіліктер табыла қалса, артикуляциялық аппаратының органдарының қозғалысы мен құрлысын қосымша тексеру қажет. Сол сияқты барлық фонемалар кемшілігі мен фонематикалық қабылдауын анықтау.

Бала толық тексеруден өткеннен кейін логопед, психолог, массажист мамандарына кезекке алынады. Мамандар баланың даму ерекшеліктерін, сөйлеу кемістігін ескере отырып, түзету – дамыту бағдарламасын құрады. Логопед маманы келесі бағыттарда түзете-дамыту бағдарламасы бойынша жұмыс жүргізеді:

- Физиологиялық дұрыс тыныс алу дағдыларын қалыптастыру;
- Сөйлеу тілі ережелерін сақтау;
- Сақтау режимі;
- Релаксация;
- Логомассаж;
- Баланың тұлғалық қасиетін дамыту;

Қазіргі кездегі кекештенуден айықтырудың комплексті әдістері:

Кекештікпен күресте комплексті әдістерді қолдану жағдайында ғана үлкен жетістіктерге жетуге болатындығы теория мен практикада (іс жүзінде) дәлелденіп отыр. Кекештенуге комплексті әсер ету мынандай бағыттардан тұрады:

Медициналық әсер ету. Ол баланың жүйке жүйесінің функциясын қалыпты жағдайда болуына мүмкіндік береді және психотерапия мен логопедиялық жұмыстар үшін қолайлы жағдайлар жасайды.

Психотерапиялық әсер ету барлық логопедиялық жұмыс кезінде жүргізіледі. Ол баланы кекештенбей сөйлей алатына сендіру. Бұл бағытта жетістіктерге құрбыларын, баланың көңілін аударуын бөлу, белгілеу (жазып алу).

Логопедиялық әсер ету. Бұл ұзақ уақыт бойына 8-9 ай жүйелі түрде жүргізілетін системалық сабақтар курсы. Бұл сабақтың негізгі мақсаты өмірдің кез-келген жағдайында тұтығудың жеңіл түрінен бастап, күрделі, қиын түрлеріне дейін балаларды дұрыс және еркін сөйлеуге дағдыландыру болып табылады.

Логопедиялық ритмика. Ол әр түрлі жаттығулар мен ырғақтар немесе балалардың сөйлеуіне байланысты қозғалыс ойындарынан тұрады. Мұндай жаттығулар мен ойындар жалпы және сөйлеу моторикасының дамуына ықпал етеді, сигнал бойынша әрекет жасауға, өзін-өзі меңгере білуге, ырғақты сезінуге тәрбиелейді, қозғалыс координациясын дамытады.

Кекеш баланың жеке басына қоршаған ортасының әсер етуі.

Бұл түзету -тәрбие жұмыстарының барлық кезеңдерінде жүзеге асырылады. Кекештенуден айыру үшін баланың араласатын ортасының дұрыс сөйлеуінің үлкен маңызы бар, балалар мекемелері мен жанұясында баланың жақындары. Баламен бірқалыпты қарым-қатынаста болған жөн. Кішкентай ғана жетістігін сол кезекте мадақтап отыру қажет. Сол сияқты жалпы сөйлеу режимінің, дұрыс тамақтанудың, міндетті түрде күндізгі ұйқының, таза ауада демалу мен шынығудың тәртібін сақтау маңызды роль атқарады.

Баланы қорқытудан, отбасылық кикілжіңді, қатал жазалауға, шектен тыс еркелетуге, түнгі уақытта жасына сай емес телебағдарламалар көрсетуге болмайды.

Тұтықпа балаға ата-ананың ықпалы.

Ата-ана баланы логопедтің көмегіне жүгіндірер алдында, үй режимін дұрыс ұйымдастыру керек. Баланың үй режимін дұрыс та ұқыпты ұйымдастыру-оны тұтығудан сәтті емдеудің басты шарты болып табылады. Үй режимі дегеніміз- баланың оқуы, демалысы, ұйқысы, тамақтануы. Мұның барлығы баланың нерв жүйесін сауықтыруға бағытталады. Сонымен қатар, суда жүзу, шаңғы және коньки тебу сияқты спорт түрлері пайдалы. Спорттың бұл түрлері дұрыс қозғалысты қалыптастырып, тыныс алу жолдарын реттейді, бірақ жарыстарға қатысуға болмайды. Өйткені, спорт жарысы эмоциялық қозуға әкеп соқтырады, нерв жүйесін шаршатады. Олар баланың үйге берген тапсырмаларын орындатып, баламен жұмыс істеуге байланысты ақыл-кеңестерді орындауы қажет.

Бұл:

1. Тілдік жаттығуларды бірге орындау.
2. Баланың үй тапсырмасын орындауын бақылау.
3. Хормен айтылатын жаттығуларға қатынасу.
4. Тапсырмаларды дер кезінде орындауын қадағалау.
5. Баланың үнемі бір мезгілде тамақтануына жағдай жасау.
6. Балаға күн сайын далада таза ауада дем алғызу.
7. Балаға ұйықтар алдында қорқынышты әңгіме айтпау, фильмдер көрсетпеу т.б.

Бұл шараларды орындамас бұрын ата-ана баламен бірге сабаққа қатысып отыруы керек. Өйткені, жүргізілетін жұмыстың мәнін түсінбейінше баланың үйдегі жаттығуларды жасауына көмектесу мүмкін емес. Логопедтің бала тілінен тапқан, көрсеткен кемшіліктердің үйде жөндеуді дағдыға айналдыру керек. Ата-ана баланың бір сәтте болса сәтті, тұтықпай сөйлегенін үнемі мақтап, ынталандырып, жетістіктерін баса көрсетіп отырса, ол баланың өзіне деген сенімін арттырады.

Әдетте тұтығатын балалардың сөздік қоры аз болады, олар сөйлескен кезде қажет сөзді таба алмай қиналып қалады. Содан барып тұтық бала сөйлегенде көптеген қыстырма сөздерді пайдалануды әдетке айналдырады. Мұндай жағдайда ата-ана қажетті сөздерді тез айтып жіберуді дағдыға айналдырғаны дұрыс.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. РЕОДОЛЕНИЕ ЗАИКАНИЯ У ДОШКОЛЬНИКОВ Методические рекомендации для начинающих логопедов Под редакцией Т.В. Волосовец, Е.Н. Кутепова.
2. Андропова, Л.З., Арутюнян, М.А., Александровская, А.С. О влиянии пения на заикание // Дефектология. - 1987. - №4. - С.49 - 53.
3. Андропова, Л.З., Яхно, В.П. Синхронизация движений губ и пальца руки при отслеживании ритмической последовательности звуковых сигналов в норме и при заикании // Заикание, экспериментальные исследования и методы реабилитации. - М., 1986. - 156с.
4. Арефьева, Э.А. Подобед, С.О. Работа логопункта в дошкольном образовательном учреждении. // Дефектология. - 2005. - №5. - С.61-64.
5. Асатиани, Н.М., Белякова, Л.И., Калачева, И.О. и др. Данные клинико-физиологического исследования детей дошкольного возраста, страдающих заиканием // Дефектология. - 1978. - №1. - С.25-30.